


*Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі*

*№12 2019*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*




**Қуантайұлы Н.**

**Жүсіпбек Аймауытұлының көсемсөзі. Тараз:«Сенім» ЖБО, 2019. - 216 бет.**


Бұл зерттеу еңбегінде белгілі қаламгер, ғалым Нұржан Қуантайұлы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы әйгілі жазушының бірі, қазақ әдебиетінің классигі Жүсіпбек Аймауытұлының көсемсөз шығармашылығын жан-жақты, толық зерттейді.

Архивтерден Аймауытұлының бұрын белгісіз болып келген жүзден астам шығармасын, оның ішінде әңгімелері мен көркем очерктерін, фельетондары мен мақалаларын тапқан ғалым осы кітапта Жүсіпбектің көсемсөз мұрасын тұтас шығармашылық жүйеде, бүгінгі көзқарас тұрғысында талдайды.




**Қадыр Мырза Әлі: өлеңдер. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.**

«Қазақ, поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына аса көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің таңдамалы өлеңдері енгізілді.



**Мұхтар Шаханов: өлеңдер. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.**

«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына қайраткер ақын Мұхтар Шахановтың таңдамалы өлеңдері мен балладалары, поэмалары енгізілді.




**Оңғарсынова Ф. Шілде. / Фариза Оңғарсынова. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2019.- 480 бет.**

Қазақтың көрнекті ақыны, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың бұл жинағы - тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған рухани құндылығымыз. Ақын - өз заманының ар-ожданы десек, әлемдік мәні зор, поэтикалық әсері әрқашан мөлдір Фариза Оңғарсынова жырларының өз оқырманына берері мол.



**Тоқтарбай Е. Барлыбек туралы бірер сөз. Б.Сырттанұлының өмірі мен қызметі туралы тарихи толғам. - Алматы: «Баянжүрек», 2019. - 174 б.**


Кітапта Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, саяси қайраткер Барлыбек Сырттанұлының өмір жолы мен қызметі, ататегі және отбасы, ұрпақтары туралы сөз болады. Сонымен қатар кітапқа Барлыбек Сырттанұлының тұлғасына, отбасына, ұрпақтарына қатысты бұрын-соңды жарияланбаған архивтік құжаттар мен суреттер енген.



**Қойшыбаев Б.О.**

**Тарих және тұлға // зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. Тараз: «Сенім» ЖБО, 2019. - 448 бет.**

Жинақтан оқырман қазақ халқының қалыптасу және этностық атауымен мемлекеттігін құру, бір орталықтандырылған қуатты хандық жасақтауға тырысу және отарлану кезеңдері мен патшалық тұсындағы азаттық аңсаған көтерілістер, кеңестік дәуірдегі ұлттық-мемлекеттік межелеу шындықтары, тоталитарлық кезеңнің қылмысы, алаштық идеяның өміршеңдігі жөнінде оқып танысады. Қазақ халқының көрнекті тұлғалары жайындағы зерттеулер енген. Тоталитаризм дәуірінде орын алған саяси қуғын-сүргіннің шынайы болмысы, сексен жыл ілгерідегі Үлкен террор, оның қасіретті салдарлары, репрессия құрбандары турасында да әңгімеленеді.



**Омарбеков Т.**

**Қазақтың шығу тегі // Зерттеу. Тараз: «Сенім» ЖБО, 2019.- 336 бет.**


Зерттеуде қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихына қатысты бұрын назардан тыс қалып келген деректер талданған. Қазақтарды құраған ру-тайпалық бірлестіктер мен Алаш қауымдастығының ежелгі түркілік тамырлары, олардың мемлекет құрушы ұлтты қалыптастырудағы елеулі үлесі нақты айқындалған.



**Ахметұлы Д.**

**Робот және алты асық (заманауи ертегілер) / Ахметұлы Д.. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2019. - 48 бет.**

Дәнеш Ахметұлы балаларға арнап ертегілер жазып жүрген жазушы. Бұл жинаққа автордың «Робот және алты асық», «Айлы түнгі айқас», «Бөгде құстар», «Жаңғалақ», «Қимас достар» деген заманауи ертегілері енгізілген. Кітап түрлі түсті суреттермен безендірілген.




**Аупбаев Ж.**

**Табиғат терезесі. Тараз: «Сенім» Жамбыл баспа орталығы, 2019.- 272 бет.**

Айтулы журналист, қарымды қаламгер Жанболат Әлиханұлы Аупбаевтың «Табиғат терезесі» атты кітабына еніп отырған әрбір дүниені оқыған сайын толқисыз. Тебіренесіз. Күрсінесіз. Қуанатын тұстарыңыз да аз емес. Алайда табиғат анаңыздың тағдырына деген алаң көңіліңіз байыз таппайды. Жанболаттың жазуындағы табиғат таңғажайыптарынан жан жүрегіңізге ұя салатын таңдай қақтырарлық тағылымдар ғана санаңызға сәуле құйып, жылу дарытады. Жұбатады. Әлденеге үміттендіреді. Иландырады. Сендіреді.


«Табиғат терезесі» - Жанболат Аупбаевтың қаламгерлік қарымын танытатын, оқырманның танымын дамытатын, табиғат анаға, туған жерге деген сүйіспеншілік сәуле дарытатын кітап.



**Трагер Роберт.**

**Дипломатия: коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы. - 2019. - 256 бет.**

Роберт Трагердің бұл кітабында дипломатиялық амал-тәсілдердің халықаралық қатынастар жүйесіндегі ролі қарастырылады. Автор жабық есік жағдайындағы әңгімелесудің халықаралық тәртіп орнату мен соғыстардың басталуына қалай түрткі болатынын ойын теориясына сүйеніп, нақты тарихи мысалдар көмегімен ашып көрсетеді. Кітаптың басты зерттеу нысаны - «құпия дипломатия» және оның механизмдері. Бұл еңбекке Британ империясының көпжылдық дипломатиялық байланыстар тарихынан сыр шертетін «Құпия жазбалар» деген атпен белгілі мұрағат деректері арқау болған.



**Мұса Шорманұлы 200 жыл. - Павлодар: ЭКО, 2019. - 190 б.**

Фотоальбом тарихи тұлға - Баянауыл дуанының аға сұлтаны, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы-этнограф Мұса мырза Шорманұлының 200 жылдық мерейтойына арналған, Республикалық деңгейде өткен іс-шаралар мен Шорман би әулетінің ұрпақтары туралы әртүрлі құнды мәліметтерді біріктіреді. «Ақкелін» тарихи-мемориалдық кешенінің, оның ішінде, Мұса Шорманұлы кесенесінің бой көтеруі, әулеттің үй-жайының орны, «Туған жердің тарихи тұлғалары» атты музейдің ашылуы және мерейтойдың өтуі туралы фотосуреттер мен жаңа мәліметтер, естеліктер мен мақалалар және ақындардың Мұса мырзаға арналған өлеңдері жинақталған. Мұса Шорманұлының ағартушылық жолында атқарған өлшеусіз қызметі, ұлт жанашыры ретінде болашаққа деген ой-арманы бүгінгі күні сан қырынан ашылып, қазақ еліне толығынан танылып жатуына осы жинақта себепкер болатыны күмәнсіз.



**Ұлы дала тұлғалары: академик Рәбиға Сыздық және қазақ сөзінің құдіреті /Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2019. - 428 бет.**

Бұл жинақта ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Ғ.Сыздықтың мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген. Жинаққа енген материалдар ЖОО ұстаздары мен ҒЗИ қызметкерлеріне, PhD докторлары мен магистранттарына арналып, филологиялық ғылым бағытындағы өзекті мәселелерді қамтиды.




**Лайас Г.**

**Аспанға асқан үркін көш / Годфри Лайас. - Алматы: AmalBooks, 2018.-288 б.**

1948 жылы жиырма мыңға жуық қазақтың отбасылары дүние-мүлкін буып-түйіп, қой мен жылқысын, түйелерін айдап, коммунистер басқарған Қытайдың Шыңжаң аймағынан азапты көшін бастады.

Екі жылдан соң жолға шыққан қазақтардың алғашқы санының төрттен бірінен аз тобы ғана әбден титықтап, Шығыс Кашмирге келіп жетті. Олар өте қалжырап, азып-тозса да, нағыз ержүрек адамдар еді. Аман қалғандары осы жерден баспана тапты, бірақ бұл аз ғана уақытқа тынығу болатын. Ержүрек адамдардың көпшілігі Түркияға жетіп, бас сауғалайтын жер тауып, жақсы өмірге жетеміз дегенше басқалары қиын жолда қазаға ұшырады.






**Шо Малколм Н.**

**Халықаралық құқық. 1-кітап. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.-584 бет.**


Бұл кітап - халықаралық құқық тақырыбына арналған аса құнды оқулықтардың бірі. 10 тараудан тұратын бірінші кітапта халықаралық құқық саласындағы ұғымдарға анықтама беріліп, түрлі құқық жүйелерінің нормалары салыстырылады, өзіндік ерекшеліктері мен басты принциптері сөз болады. Халықаралық құқықтың пайда болуы мен дамуындағы философиялық, әлеуметтік көзқарастар, халықаралық сот процестері мен трибуналдардың қызметтері нақты мысалдар арқылы баяндалады. Халықаралық шарттардың түрлері, шарт талаптары мен міндеттемелері туралы жан-жақты мәлімет қамтылған. Адам құқығын халықаралық деңгейде қорғау, жеке тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі, мемлекеттің аумағы және теңіз құқығы тақырыбында мол мағлұмат береді.



**Шо Малколм Н.**


**Халықаралық құқық. 2-кітап. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 624 бет.**

Бұл кітап - халықаралық құқық саласындағы ұғымдарға анықтама беріліп, түрлі құқық жүйелерінің өзіндік ерекшеліктері мен басты принциптері жан-жақты сипатталатын, халықаралық құқық тақырыбына арналған аса құнды оқулықтардың бірі. 12 тараудан тұратын екінші кітапта халықаралық құқықтағы юрисдикция, иммунитет, мемлекеттердің жауапкершілігі, мемлекеттердің мұрагерлігі, дауларды бейбіт шешу жолдары, шарттардың құқықтары мен міндеттері жөнінде мол мағлұмат қамтылған. Автор Халықаралық сот, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Қауіпсіздік Кеңесі мен басқа да халықаралық ұйымдардың құрылымы туралы мәлімет келтіре отырып, олардың қызметін нақты мысалдар арқылы баяндайды.



**Әдебиет теориясы: Антология. 1-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 568 бет.**

Бұл оқулық қазақ оқырмандарын әлемдік әдебиет теориясының тың зерттеу бағыттарымен таныстырады. Шығарманың мазмұнын ғана зерделеп қоймай, оны тілдік тұрғыдан талдаудың сан қырлы әдістерімен сараланған мақалалар - біздің сыншыларымыз бен оқырмандарымыз үшін де таптырмас үлгі. Оқулықта структурализм, постструктурализм, лингвистика, нарратология, феноменология, эмпирикалық зерттеулер бағытындағы құнды пікірлер мен тың көзқарастар топтасқан. Сонымен қатар бұл еңбекте телевизиялық сериалдарды талдаудың айрықша зерттеу тәсілдері де сөз болады.



**Әдебиет теориясы: Антология. 2-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.-372 бет.**


Джули Ривкин мен Майкл Райан құрастырған «Әдебиет теориясы» антологиясының екінші томы «Постструктурализм», «Психоанализ және психология» деп аталатын екі ауқымды бөлімнен тұрады.

Кітап постструктурализм ағымын жан-жақты саралауға арналған философиялық толғамдарға және оның әдебиетпен, тіл білімімен, психологиямен арақатынасына арналады. Францияда пайда болып, АҚШ және неміс ғалымдарының зерттеулерінде көбірек көрініс тапқан постструктурализмнің қайнар көздері, оның жеке ағым ретінде өрістеуі әдебиеттегі трансгрессиялық, яғни бұзып-жару идеяларымен астарласа зерделенген. Жазу мен сөйлеудің байланысы, таңбаның классикалық теориясын жаңаша пайымдау, бейсаналық пен тіл, автор мен шығарма сияқты күрделі мәселелер кеңінен қозғалады.

**Әдебиет теориясы: Антология. 3-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 440 бет**


«Әдебиет теориясы» антологиясының үшінші томы үлкен екі бөлімнен тұрады. Әр бөлім бірнеше тарауларға бөлінген. Атап айтқанда, еңбек мәселесі, мемлекет пен идеология, тарихшылдық, тарих философиясы, құрылымдар, һабитус, ориентализм, отарлық, жаһандану, мәдени бірегейлік пен диаспора, аударма, эмпиризм, этика тәрізді ауқымды мәселелер теориялық тұрғыда жан-жақты зерделенеді.


Уилям Шекспир, Елизабет Бишоп, Макс Жакоб, Джон Галт, Элис Манро сияқты белгілі қаламгерлердің шығармалары жаңаша пайымдалады.



**Әдебиет теориясы: Антология. 4-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 452 бет.**

Бұл оқулықта ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазірге дейінгі әдебиет теориясының қалыптасуы, даму бағдары және оған ықпал еткен факторлар туралы жан-жақты түсінік беретін америкалық және еуропалық ғалымдардың эсселері топтастырылған. Антологияға енген мақалалар жиынтығы көркем әдебиеттің мазмұны мен құрылымын, жанрлық сипатын, көркем шығармаларды аудиторияның қабылдау ерекшеліктерін қайтадан пайымдауға, билік пен идеология табиғатын, этносаралық қарым-қатынастарды, халықаралық байланыс саласындағы жаңа тұжырымдарды, әлемдегі постотарлық ахуалды тыңнан зерделеуге жол ашады.






**Ергөбек Қ.**

**Баянсөз. Тараз: «Сенім» Жамбыл баспа орталығы, 2019.- 512 бет.**

Көрнекті әдебиет сыншысы, түріктанушы Құлбек Ергөбектің «Баянсөз» аталатын кітабына С. Қожанұлы, Н. Төрқұлұлы, Б. Аралбаев, Н. Оңдасынов, Д.А.Қонаев, Ж. Тәшенов, Ө. Жәнібек сияқты қазақ қоғамының кезең-кезеңдегі ірі қайраткерлері, Б. Кенжебайұлы, Ә. Нәжіп (Москва), М.К.Амосов (Саха), Қ. Айымбетов (Қарақалпақ), Н.К.Зейбек, А. Ювалы (Түрік), З. Бикбулатова (Башқұрт), Х.Ю.Миңнегулов (Татар), Ш. Айтматов (Қырғыз), М. Жолдасбеков, Ә. Хайдари, Ш. Мұртаза сынды жалпы түріктік тұлғалар, Ж. Арыстанов, В. Шкловский, Л. Хамиди, Е. Рахмадиев, Ш. Қалдаяқов, К. Нұрпейісов, Р. Сейтметов, К. Смайылов, Ә. Сығай, Е. Шаймерденов секілді ақын, жазушы, актер, режиссер, композитор дегендей өнер жайсаңдары жайында жазылған тұлғатану портреттік толғамдары, сондай-ақ қазақ әдебиетінде бұрын сөз болмаған мемуар, эпистолярлық жанр, деректі, деректі-ғұмырнамалық әдебиет туралы талдама сын, зерттеу мақалалары еніп отыр.



**Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. - 608 бет.**

Бұл еңбекте оқыту туралы негізгі теориялық принциптерге, концептілер мен ғылыми-зерттеу нәтижелеріне жаңаша көзқарастар ұсынылады және оны заманауи мектептерде қолдану мәселесіне баса назар аударылады. Кіріспеде оқыту теориялары, зерттеу тәсілдері мен мәселелері және оқытуды зерттеудің тарихи негіздері қамтылса, кейінгі тарауларда нейроғылымның білімге ықпалы, әлеуметтік-танымдық оқыту мәселелері, ақпаратты өңдеу теориясы, яғни деректерді кодтау және сақтау, конструктивизм т.б. теориялар талқыланады. Сондай-ақ бұл басылымда технологияға қатысты бөлімдер, әсіресе контекстік әсерлердің маңызын ашатын тақырып тың зерттеу жаңалықтарымен толықтырылған. Қорытынды тарауда студенттер оқу процесі барысында өз бетінше орындауға тиіс тапсырмалар берілген.

**Лаумулин М.Т. Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу. - Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. - 472 б.**

«Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан тарихы және Орталық Азия» деп аталатын (Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған) бұл ғылыми жұмыс - IV томдық монографияның кеңірек қамтылып, толықтырылып, қайта басылған, Қазақстанның тарихын, мәдениетін, этнографиясын және тіл білімін «батыс шығыстануындағы қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеу» мақсатында жазылған өзектілігі жоғары еңбек.

Кітапта Орталық Азия және Ішкі Еуразияны зерттеу контексіндегі шығыстану мектептерінің қалыптасу мәселелері мен дамуы қарастырылады. Сонымен қатар, Орталық Азия тарихы бойынша ежелгі және ортағасырлық дереккөздер талданған, олар - Орталық Азия халықтары туралы ежелгі авторлардың деректері, автохтонды, ортағасырлық дереккөздер, мұсылмандық тарихнама, сонымен қатар, маңызды қытай дереккөздері. Еңбекте аймақтағы ортағасырлық тарихтың негізгі бағыттары айқындалып, номадизмнің тұжырымдамасы мен көшпенділердің мәдениеттануы, түркітану, алтайтану және аймақтағы көне, әрі ортағасырлық тарихтың тіл білімі, ең бірінші кезекте қыпшақтану (куманология) сияқты бағыттарды қосады.

Монография қазақ номадизмінің феноменін географиялық фактор және табиғи орта, әлеуметтік құрылым, саяси жүйе және қазақтардың көшпелі мәдениеті сияқты ғылыми мәселелер контексінде қарастырады.





ДҮНИЕЖҮЗІ  
ТҮРКОЛОГИЯСЫНЫҢ  
**ТАРИХЫ**

**Дүниежүзі түркологиясының тарихы: Хрестоматия. 1-бөлім / Құраст. Ш.И. Ибраев, К.Н. Келімбетов. - Алматы: Раритет, 2019. - 312 б.**

Хрестоматияға әртүрлі елдер мен дәуірлерге қатысты түркологтардың ғылыми еңбектерінен үзінділер енгізілген, оны білу болашақ түрколог мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Хрестоматиядағы еңбектердің бір бөлігі бүгінде сирек қолданылатын библиография болғандықтан, барынша кең ауқымда ұсынылды, қалғандары қысқа нұсқада берілді.

Хрестоматия «Дүниежүзі түркологиясының тарихы» монографиясына негізделіп жазылған.



**ИСТОРИЯ**  
ВСЕМИРНОЙ ТҮРКОЛОГИИ

**История всемирной тюркологии: Хрестоматия. Часть 1. /Сост. Ш.И. Ибраев, К.Н. Келимбетов. - Алматы: Раритет, 2019. - 336 с.**


Хрестоматия, состоящая из теоретических постулатов (compendium) по проблеме, научных исследований тюркологов (scientist opus), персоналий и использованной литературы, является учебным пособием для высших учебных заведений. В хрестоматию включены фрагменты научных трудов тюркологов различных эпох и стран, знание которых будет способствовать повышению профессиональной компетенции будущего специалиста-тюрколога. Часть трудов, вошедших в хрестоматию, уже стали библиографической редкостью и поэтому они представлены более обширно, некоторые даются в сокращенном виде.

**Ергожин Е.Е., Чалов Т.К., Мельников Е.А. Состояние и перспективы мировой нефтеперерабатывающей промышленности. - Алматы, 2019. - 562 с.**


В монографии раскрыта общая тенденция развития нефтяной отрасли в Казахстане, странах СНГ и мире в целом, дана ее характеристика как одной из основных экономик нефтедобывающих стран. Обобщены литературные данные по становлению мировой нефтеперерабатывающей промышленности и ее современное состояние. Показано, что общемировой тенденцией в этой отрасли является уменьшение разведанных запасов легкой нефти и появление альтернативных источников энергии. В связи с этим дальнейшее развитие нефтеперерабатывающей промышленности направлено на повышение глубины переработки нефти и нефтяных остатков. Поиск новых технологий и катализаторов, стойких к высокому содержанию серы, металлоорганики, парафинов и других примесей, является основной задачей ближайшего будущего.

В монографии показано, что нефтеперерабатывающие заводы имеют высочайший уровень водопотребления, который предполагает разработку и внедрение эффективных способов обессоливания сточных вод с целью сокращения их сброса и возвращения части воды в технологический цикл.

Авторами показаны собственные разработки технологий очистки промышленных сточных вод Казахстанских нефтеперерабатывающих заводов и внедрение оборотного водоснабжения на этих предприятиях.







**А.Артыкбаев, А.Артыкбаев. Исполняя свою миссию / город Алматы.- 224 стр.**


Книга посвящена Жанибеку Токеновичу Артыкбаеву - замечательному человеку, настоящему врачу, высочайшему профессионалу, отдавшему медицине 37 лет своей короткой, но яркой жизни. Он трагически погиб, спеша на помощь к тяжело больному человеку.


В сборник вошли воспоминания о Ж.Т. Артыкбаеве самых близких ему людей - родных, друзей и коллег. Книга отражает весь его жизненный путь - детские и юношеские годы, выбор специальности и самоотверженная работа видного ученого и великолепного врача-практика. Служение выбранному делу и неиссякаемая любовь к людям были жизненным кредо Ж.Т. Артыкбаева, вместе с тем это был любящий муж и отец, верный друг, добрый коллега и наставник.

**«Профилактика экстремизма. Успехи и трудности»: Материалы международной научно-практической конференции (г. Нур-Султан, 4 апреля 2019 г.) / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. - Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. - 208 с.**

Международная научно-практическая конференция «Профилактика экстремизма. Успехи и трудности» (г. Нур-Султан, 4 апреля 2019 г.) была организована Казахстанским институтом стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан совместно с Исследовательским институтом «Диалог цивилизаций» (г. Москва, РФ).


Сборник материалов состоит из докладов и выступлений участников конференции, посвященных теоретическим и практическим аспектам противодействия и профилактики экстремизма в странах Центральной Азии и в России, в том числе природе и специфике этого явления в вышеуказанных государствах, влияющим факторам, государственным мерам, принимаемым в данной области, проблемам и перспективам предотвращения насильственного экстремизма.






**Кунаев А. Әнегелі өмір / Под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Қазак университеті, 2019. Вып. 185. -274 с.**

Книга посвящена памяти академика Академии наук КазССР, выдающегося ученого-металлурга и крупного организатора академической науки Казахстана Аскара Минлиахмедовича Кунаева. Издание приурочено к 90-летию со дня его рождения. А.М. Кунаев хорошо известен в научном мире как руководитель созданной им научной школы по комплексному использованию минерального сырья в металлургической и химической промышленности на основе фундаментальных исследований. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.



**Институт волостных в системе управления Казахской степью (XIX - начало XX вв.): монография в документах / отв. редактор Г.С. Султангалиева, сост.: Г.С. Султангалиева, Т.Т. Далаева, Б.У. Маликов, У. Тулешова. - Алматы: «Қазак университеті», 2018. - 396 с.**

В книге представлены документы и материалы, раскрывающие институт волостных управителей с 20-х годов XIX - начало XX вв., механизм выборов волостных управителей, их влияние на социальную жизнь казахского кочевого общества, характер взаимодействия волостных управителей, пятидесятников, уездных и крестьянских начальников. Включены материалы об особенностях восприятия деятельности волостных управителей русскими чиновниками и казахским населением.



**Унгарсынова Ф. Полдненный жар: Стихотворения и поэмы / Фариза Унгарсынова. - Алматы: Дом печати «Сардар», 2019. - 528 с.**

Народный писатель Фариза Унгарсынова - лауреат Государственной премии - писала о любви и дружбе, об истории своего народа. Высокая гражданственность, интернационализм, защита нравственных ценностей - основные темы её стихотворений и поэм. В творчестве поэтессы соединились многовековая национальная культурная традиция и современные поэтические открытия. Ее стихи экспрессивны, эмоциональны и живописны.

Лирический герой ее многогранен. Читатель услышит многие голоса, противостоящие или согласные друг с другом, потому, что традиция поэтических состязаний, импровизаций, схваток на различных поприщах - ключ к разгадке ее магически завораживающих слов.

**25 лет идеи евразийской интеграции. Н.А. Назарбаева (в оценках экспертов КИСИ при Президенте РК). - Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2019. - 296 с.**

Книга посвящена 25-летию идеи евразийской интеграции, озвученной Первым Президентом Республики Казахстан - Елбасы Н.А. Назарбаевым в стенах Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова 29 марта 1994 года и 5-летию подписания Договора о создании Евразийского экономического союза 29 мая 2014 года.

В сборник вошли ключевые выступления Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы Н.А. Назарбаева, статьи, интервью директоров и сотрудников КИСИ, опубликованные ранее в научных изданиях и СМИ, а также библиографический список литературы и исследований казахстанских, российских и зарубежных авторов по евразийской интеграции.



**Бектуров Е.А. и др. Полимеры в нанотехнологии /Е.А. Бектуров, С.Е. Кудайбергенов, Ж.Е. Ибраева. - Алматы: Типография «Центр оперативной полиграфии», 2019. - 388 с.**

В монографии рассмотрены современное состояние и перспективы развития полимерных нанообъектов применительно к различным аспектам нанотехнологии. Сделан обзор работ последнего времени по способам получения и свойствам наноструктур, существующих в одном (поверхности, пленки), двух (нановолокна, нанопалочки) и трех (нанокластеры) измерениях. Представлены полимерные нанокомпозиты, включая конструкционные, функциональные, мультислойные и жидкокристаллические материалы, полимерные пленки и мембраны.

Наряду с фундаментальными аспектами полимерных нанообъектов, представлены пути практического применения их в медицине, биотехнологии, нанотехнологии, катализе, нефтяной отрасли, экологии и т.д. Значительное место в монографии занимают собственные результаты авторов.

